ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАРШЫСЫ

# Коронавирусты бірнеше секундта анықтайды

**Ұлыбританияда бірнеше секунд ішінде коронавирусты анықтайтын тест жасалды. Жаңа тестті Лоуборо университетінің ғалымдары мен TOXY-triage жобасымен жұмыс істеген әлемнің түрлі елдеріндегі дәрігерлердің нәтижелеріне сүйене отырып дайындаған.**

**Ақмарал АҒЗАМҚЫЗЫ,**
«Egemen Qazaqstan»

Британ ғалымдары жақында коронавирус инфекциясын бірнеше сағат емес, бірнеше секунд ішінде анықтаудың қарапайым әдісі пайда болуы мүмкін екенін растайды. Тесттің толық орындалуы бірнеше минутты алады. Уэльсте жасалған тыныс алу тесті COVID-19 вирусын тыныс алу жолдарының басқа да инфекцияларынан бірден ажыратады. Шотландия мен Германияда өткізілген жаңа тесттің сынақ нәтижелері медициналық Lancet журналында жарияланған. Оны жасаушы Imspex Diagnostics компаниясы қаржы табылса, сынақ құрылғысы алты айда пайдалануға дайын болатынын мәлімдеді.

«Тест нәтижесінің тез дайын болатыны тек ауруханаларда емес, әртүрлі жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді. Оның әлеуеті авиацияда, жалпы көлікте, мигранттармен жұмыс кезінде көрінеді. Тыныс алу үлгісін тез алуға болады, ол инвазивті емес, сізге арнайы дайындалған адам қажет емес, бірнеше минут ішінде сіздің қолыңызда тест жауабы болады», дейді құрастырушылар.

Бұл құрылғы бастапқыда өкпенің қатерлі ісігі сияқты ауруларды диагностикалау мен бактериялық және вирустық инфекцияларды тез ажырату үшін тесттер әзірлеу кезінде қолданылатын технологияға негізделген. Алайда әлемді жайлаған пандемия басталғаннан кейін фирма коронавирусты диагностикалауға арналған тест жасауға шешім қабылдады. Зерттеушілер мұндай құрылғы COVID-19 вирусын басқа инфекциядан қаншалықты ажырата алатынын сынап көрді. Құрылғы тыныс алу үлгісін талдайды, тұрақсыз химиялық элементтерді іздейді, олар респираторлық аурудың түрін анықтайды. Тесттер осы элементтердегі COVID-19 қолтаңбасын анықтай алды, ол кейінірек басқа инвазиялық тестілеу әдістерімен расталды. Жалпы, тестер коронавирусты астма немесе бактериялық пневмония сияқты басқа аурулардан ажырата отырып, 80% жағдайда вирусты анықтай алды.

ЖӨН ЕКЕН...

# Жазасын өтеушілерге күлкі сыйлады

**Алматы қаласындағы республика бойынша жалғыз балалар колониясы саналатын түзету мекемесінде жылдың қай мезгілінде болсын көңілді шаралар жиі өтеді. Солардың ішінде жазасын өтеуші жасөспірімдердің асыға күтетін қонақтары – көңілді тапқырлар командасы. Мұндағыларды әзіл-қалжыңға қарық қылатын жайдарманшылар биыл да замандастарына жарқын үміт сыйлады.**

**Арман ОКТЯБРЬ,**
«Egemen Qazaqstan»

Алматы қаласындағы колледж студенттерінен құралған командалармен сотты болған балалар өзара жарысқа түсіп, небір күлкіге толы көріністер дайындайтын. Биыл еліміз бойынша жарияланған карантинге байланысты студенттер онлайн оқығандықтан, істі болған балалар әзілкештер сайысына қатыса алған жоқ. Есесіне балалар колониясына Алматы қаласының «Жайдарман» командасының жетекшісі Ердос Оралбеков бастаған әзілкештердің өздері келіп, өнер көрсетті.

– Балалар колониясынан келген ұсынысты біз қуана қабыл алдық. Өйткені «жерде бір бала қуанса, көкте жеті періште қуанады» деген сөздің маңызын жақсы түсінеміз. Бұл жерде небір өнерлі азаматтар да бар. Олардың арман-тілегі бостандыққа шығып, қалыпты өмірге қадам басу. Біздің мақсатымыз – тағдырлы балаларға үміт сыйлау, аз да болса көңілдерін көтеру,– дейді «Жайдарманның» жетекшісі.

Колониядағы балалар «Жайдарман» құрамындағы «ҚазАТК» және «Энерғо» жастарының өнерін қызыға тамашалады. «Энерғо» құрамасы былтыр Алматы қаласы бойынша «Супер лиға чемпионы» атанса, «ҚазАТК» командасы «Студент-лайф чемпионы» деп танылған.

Ойын барысында студенттік өмірдің түрлі қызықтарын кейіптеген әзілкештердің өнеріне балалар дән ризашылығын білдірді. Әзілге спорт, әскер тақырыптары да арқау болды.

Күлкі кешінің соңында ЛА-155/6 түзеу мекемесі бастығының орынбасары, әділет майоры Мақсат Әлімжанов «Жайдарман» командаларына алғыс айтып, әзіл әлемінде жетістікке жете берулеріне тілектестік білдірді.

**АЛМАТЫ**

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы 070004, Өскемен қ., Протозанов көшесі, 69, телефоны: 8 (777) 406 17 31, бос қызмет орындарына орналасу конкурсы туралы хабарлайды:**

**1. Мектеп декандары:**
-«Сәулет, құрылыс және дизайн мектебі»-1
-«Ақпараттық технологиялар мен зияткерлік жүйелер мектебі»-1
-«Машина құрастыру мектебі-1»
-«Жер және қоршаған орта туралы ғылымдар мектебі»-1
-«Дәстүрлі және баламалы энергетика мектебі»-1
-«Негізгі инженерлік дайындық факультеті»-1

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** Ғылыми дәрежесінің болуы, білім беру ұйымдарындағы басшы лауазымында немесе тиісті базалық мамандық бойынша жұмыс өтілінің кем дегенде 3 жыл болуы. Білім менеджменті бойынша біліктілікті жетілдіру курсын өту туралы сертификатының (куәлік) болуы. Ағылшын тілін В1 және одан жоғары деңгейде білу.

**2. Мектеп декандарыныц орынбасарлары:**
-«Ақпараттық технологиялар мен зияткерлік жүйелер мектебі»-1
-«Машина құрастыру мектебі»-1
-«Дәстүрлі және баламалы энергетика мектебі»-1
-«Негізгі инженерлік дайындық факультеті»-1

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** Ғылыми дәрежесінің, ғылыми-педагогтік қызметтегі жұмыс өтілінің кем дегенде 5 жыл болуы. Ғылыми дәрежесі болмаған кезде, мамандық (қызмет бейіні) бойынша іс-тәжірибелік жұмыс өтілі кем дегенде 7 жыл, соның ішінде басшы лауазымында – кем дегенде 3 жыл болу керек. Білім менеджменті бойынша біліктілікті жетілдіру курсын өту туралы сертификатының (куәлік) болуы. Ағылшын тілін В1 және одан жоғары деңгейде білу.

**3. Кафедра мецгерушісі:**
-«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси сабақтар»-1
-«Дене тәрбиесі және спорт»-1
-«Физика»-1
-«Инженерлік математика»-1

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** Ғылыми дәрежесінің болуы, білім беру ұйымдарындағы немесе тиісті базалық мамандық бойынша жұмыс өтілінің кем дегенде 3 жыл болуы. Мамандық бойынша іс-тәжірибелік жұмыс өтілінің кем дегенде 5 жыл болуы, соның ішінде басшы лауазымында кем дегенде 3 жыл болу керек. Ағылшын тілін В1 және одан жоғары деңгейде білу.

**4. Мектеп профессорлары:**
- «Машина құрастыру мектебі-1»

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**
«Профессор» ғылыми атағы және ғылыми дәрежесінің болуы; ғылыми дәрежесі болмаған жағдайда «Профессор ғылыми атағын тағайындау ережесінің 5-тармағы талаптарына сәйкес (қауымдастырылған (доцент) профессор)» «Профессор» ғылыми атағын тағайындауға қойылатын талаптардың 50% болуы, ағылшын тілін В1 және одан жоғары деңгейде білу.

**5. Қауымдастырылған профессорлар:**
-«Машина құрастыру мектебі»-1

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**
«Қауымдастырылған профессор» ғылыми атағының және ғылыми дәрежесінің болуы; ғылыми дәрежесі болмаған жағдайда «Қауымдастырылған профессор» ғылыми атағын тағайындау ережесінің 4-тармағы талаптарына сәйкес (қауымдастырылған (доцент) профессор)» «Қауымдастырылған профессор» ғылыми атағын тағайындауға қойылатын талаптардың 50% болуы, ағылшын тілін В1 және одан жоғары деңгейде білу.

**6. Мектептің аға оқытушылары:**
-«Сәулет, құрылыс және дизайн мектебі»-2
-«Машина құрастыру мектебі-1»
-«Ақпараттық технологиялар мен зияткерлік жүйелер мектебі»-1
-«Жер және қоршаған орта туралы ғылымдар мектебі»-3
-«Гуманитарлық білім беру факультеті» «Шет тілдері» кафедрасы-5

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**
1. Жоғары (специалитет) немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы;
2. ғылыми-педагогтік қызметтегі жұмыс өтілінің кем дегенде 3 жыл болуы;
3. Төмендегі бір талаптың орындалуы:
- ғылыми дәрежесінің болуы;
- немесе PhD докторантурада оқуды аяқтау (ғылыми атағын тағайындау ережесінің 4-тармағы талаптарына сәйкес басылымдарда мақаланың болуы), PhD докторы дәрежесін алғанға дейін лауазымда 2 жыл жұмыс жүргізуге рұқсат етіледі;
- немесе ҚР БҒМ ұсынған оқулықтың немесе РОӘК немесе ЖОО Ғылыми Кеңесі ұсынған жеке оқу құралының немесе уәкілетті органдар растаған авторлық құқығы бар электронды оқулықтың/оқу құралының болуы;
- немесе ағылшын тілін В1 және одан жоғары деңгейде білу, білімі IELTS, TOEFL халықаралық сертификаттарымен немесе алыс шетел университетінің магистрі дипломымен (ағылшын тілінде білім алу) расталған болу керек.
- Ағылшын тілін В1 және одан жоғары деңгейде білу.

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар Басқарма төрағасының м.а-ректордыц атына (еркін түрде жазылған) өтініш береді.**

**Өтінішке қоса төмендегідей құжаттар беріледі:**
1) кадрлар бөлімінің бастығымен расталған кадрларды тіркеу жөніндегі жеке парақ;
2) төлқұжат немесе жеке куәліктің көшірмесі, өмірбаян;
3) жоғары білім, академиялық және ғылыми дәреже туралы дипломдардың, ғылыми атағы туралы құжаттың көшірмелері және оларды салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары;
4) қайта даярлау және біліктілікті жетілдіру сертификаттарының көшірмелері (болған жағдайда);
5) кафедра меңгерушісімен, деканмен және университеттің ғылыми хатшысымен расталған ғылыми еңбектер мен өнертабыстар тізімі (болған жағдайда);
6) № 086 нысанындағы медициналық анықтама.
7) қылмыстық құқық бұзушылық жасауы туралы мәліметтердің болмауы туралы анықтама;
8) профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына орналасу үшін білім беру бағдарламасы бойынша жобаның немесе ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасу үшін ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жобаның презентациясы (электронды түрде, көлемі 10 слайдтан артық емес);
9) конкурсқа қатысушының тіркеуде тұрмағаны туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы;
10) конкурсқа қатысушының тіркеуде тұрмағаны туралы психоневрологиялық ұйымның анықтамасы.

**Конкурсқа қатысушы өзініц біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби децгейіне қатысты қосымша ақпаратты (ғылыми жарияланымдар тізімін, бұрынғы жұмыс орны басшылығыныц ұсынымдарын және т.с.с) ұсынуға құқылы.**

**Бос қызмет орындарына орналасу конкурсына өтініштер қабылдау мерзімі хабарландыру жарияланған сәттен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей жүзеге асады.**

**Жоғарыда аталған құжаттарды «Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КеАҚ-тің қызметкерлерді іріктеу және дамыту бөліміне белгіленген мерзімде тапсыру қажет, телефоны: 8-777-406-17-31 (203-кабинет).**

**Некоммерческое акционерное общество «Восточно-Казахстанский технический университет им. Д. Серикбаева» Министерство образования и науки Республики Казахстан, 070004, г.Усть-Каменогорск, ул.Протозанова, 69, телефон 8 (777)4061731, объявляет конкурс на замещение вакантных должностей:**

**1. Декана:**
-«Школа архитектуры, строительства и дизайна»-1
-«Школа информационных технологий и интеллектуальных систем»-1
-«Школа машиностроения»-1
-«Школа наук о Земле и окружающей среде»-1
-«Школа традиционной и альтернативной энергетики»-1
-«Факультет базовой инженерной подготовки»-1

**Требования к квалификации:** наличие учёной степени, стаж работы на руководящих должностях в организациях образования или по соответствующей базовой специальности не менее 3 лет, наличие сертификата (свидетельства) о прохождении курсов повышения квалификации по менеджменту образования. Знание английского языка на уровне В1 и выше.

**2. Заместителя декана:**
-«Школа информационных технологий и интеллектуальных систем»-1
-«Школа машиностроения»-1
-«Школа традиционной и альтернативной энергетики»-1
-«Факультет базовой инженерной подготовки»-1

**Требования к квалификации:** наличие учёной степени, стаж работы научно - педагогической деятельности не менее 5 лет, при отсутствии научной степени, стаж практической работы по специальности (профилю деятельности) не менее 7 лет, в том числе на руководящей должности не менее 3 лет. Наличие сертификата (свидетельства) о прохождении курсов повышения квалификации по менеджменту образования. Знание английского языка на уровне В1 и выше.

**3. Заведующего кафедрой:**
-«История Казахстана и социально-политические дисциплины»-1
-«Физвоспитание и спорт»-1
-«Физика»-1
-«Инженерная математика»-1

**Требования к квалификации:** наличие учёной степени, стаж работы на должностях педагогических работников или по специальности не менее 3 лет, при отсутствии научной степени, стаж практической работы по специальности не менее 5 лет, в том числе на руководящей должности не менее 3 лет.

Знание английского языка на уровне В1 и выше.

**4. Профессора:**
-«Школа машиностроения»-1

**Требования к квалификации:**
Наличие учёной степени и учёного звания «профессор»; при отсутствии ученого звания наличие 50% требований к присвоению учёного звания «Профессор» в соответствие с п. 5 «Правила присвоения ученых званий (ассоциированный профессор (доцент), профессор), знание английского языка на уровне В1 и выше.

**5. Ассоциированного профессора:**
-«Школа машиностроения»-1

**Требования к квалификации:**
Наличие учёной степени и наличие учёного звания «ассоциированный профессор»; при отсутствии ученого звания наличие 50% требований к присвоению учёного звания «Ассоциированный профессор» в соответствие с п. 4 «Правила присвоения ученых званий (ассоциированный профессор (доцент), профессор)». Знание английского языка на уровне В1 и выше.

**6. Старших преподавателей:**
-«Школа архитектуры, строительства и дизайна»-2
-«Школа машиностроения»-1
-«Школа информационных технологий и интеллектуальных систем»-1
-«Школа наук о Земле и окружающей среде»-3
-«Факультет гуманитарного образования» кафедра «Иностранные языки »-5

**Требования к квалификации:**
1) Высшее (специалитет) или послевузовское образование;
2) Стаж научно-педагогической деятельности не менее 3 лет;
3) Выполнение одного из условий:
- наличие учёной степени;
- или завершение обучения в докторантуре PhD (наличие публикаций в соответствии с п.6 «Правил присуждения степеней») *работать в должности до получения степени доктора PhD разрешается до 2 лет.
- или наличие учебника, рекомендованного МОН РК, или учебного пособия, рекомендованного РУМС или Ученым Советом ВУЗа или электронного учебника и/или электронного учебного пособия, авторское право которое подтверждено уполномоченным органом;
- или знание английского языка на уровне В1 и выше, подтверждённого международными сертификатами IELTS, TOEFL или дипломом магистра университета дальнего зарубежья (обучение на английском языке)
4) Знание английского языка на уровне В1 и выше.

**Лица желающие участвовать в конкурсе подают Заявление (в произвольной форме) на имя и.о председателя правления-ректора.**

**К заявлению прилагаются следующие документы:**
1) личный листок по учету кадров, заверенный начальником отдела кадров;
2) копии удостоверения личности или паспорта, автобиография;
3) копии дипломов о высшем образовании, академической и ученой степени, документ об ученом звании и подлинники для сверки;
4) копии сертификатов о переподготовке и повышении квалификации (при наличии) и подлинники для сверки;
5) список научных трудов и изобретений (при наличии), заверенный заведующим кафедрой, деканом и ученым секретарем Университета;
6) медицинская справка по форме № 086 у.
7) справка с ЦОНа об отсутствии сведений о совершении уголовных правонарушений
8) презентация проекта по образовательной программе на замещение вакантных должностей профессорско-преподавательского состава или проекта научно-исследовательской работы на замещение вакантных должностей научных работников (в электронном виде, объемом не более 10 слайдов);
9) справка наркологической организации о том, что участник конкурса на учете не состоит;
10) справка с психоневрологической организации о том, что участник конкурса на учете не состоит.

**Участник конкурса вправе представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (список научных публикаций, рекомендаций от руководства предыдущего места работы и т.п.).**

**Срок подачи заявлений на конкурс вакантных должностей – не позднее 30 календарных дней с момента опубликования объявления.**

**Вышеуказанные документы в установленные сроки необходимо представить в отдел по подбору и развития персонала НАО «Восточно-Казахстанский технический университет им. Д.Серикбаева», телефон 8 (777) 406 17 31 (кабинет 203).**

ОҚИҒА

# Құтылып кете алмады

**Осы жылдың 26 қазанында көлік полицейлері жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында ірі көлемде ұрлық жасағандары үшін Павлодар қаласының бес тұрғынын анықтап, ұстады. Күдіктілердің төртеуі темір жол күзетінің қызметкерлері, ал олардың бесіншісі жүк сатып алушы болып шықты.**



– Осы жылдың жазында Көліктегі полиция департаментіне қазақстандық кәсіпорындардың бірінің өкілінен жылжымалы құрамнан 32 000 килограмнан астам алюминийдің ұрланғандығы туралы өтініш келіп түсті. Келтірілген шығын сомасы 40 миллион теңгеден астам, – дейді департамент бастығы Оңал Бекеев.

Ұсталғандар осы қылмысқа қатысы бар екендіктерін мойындаған. Күдіктілердің үшеуі Павлодар қаласы полиция бөлімінің уақытша ұстау изоляторына қамалса, ал екеуіне қатысты ешқайда кетпеу туралы бұлтартпау шарасы қолданылған. Заттай айғақтар тәркіленген.

– Қазіргі уақытта осы оқиғаға қатысты ҚР ҚК-нің 188-бабы 3-бөлігінің 2 және 3-тармақтарымен, яғни, бірнеше рет тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен жасалған ұрлық бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде, – дейді О.Бекеев.

Еске сала кетейік, осы жылдың басынан бері Көліктегі полиция департаментіне 350-ге жуық мүлікті ұрлау, оның ішінде 21 жылжымалы құрамнан жүкті ұрлау фактілері тіркелген. Олардың жалпы ашылу деңгейі 80%-дан асады.

«Егемен-ақпарат»

**«Альтернатива» Центр Медиации и Миротворчества»** Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде тегін заң кеңесін және әртүрлі құжаттарды дайындауға көмек көрсетеді.

**Мекенжай:** Алматы қ., Шевченко к-сі, 111-үй, кеңсе. 3, тел. 293-09-47, 292-42-74.

Бағдаулет Аружан Бағдаулетқызының атына 2020 жылы қаңтар айында берілген №4788123 ҰБТ сертификатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Математика және математикалық модельдеу институтының» ұжымы институттың бас экономисі Рабиға Аязқызы Бименоваға анасы

**Изыкул СЕЙДУАЛЫҚЫЗЫНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ ұжымы Қазақстан кинематографистер одағының мүшесі, қазақтың тұңғыш дыбыс режиссері Қадыр Нұрахметұлына зайыбы және белгілі кинооператор Ренат Қадырұлына анасы – 40 жылдан астам уақыт кино саласында еңбек еткен киностудияның құрметті ардагері

**Зияш ЖАНАТБЕКҚЫЗЫНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

«Егемен Қазақстан» РГ» АҚ ұжымы газет тілшісі Фархат Қайратұлына әжесі

**Бәтима МҮСІРӘЛІҚЫЗЫНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.